TM03 9360 1708

6-сур. Басқару панелі

Айқ.	Атауы	Функциясы
1	«Power on»	Электр қорегін қосқаннан кейін үнемі жасыл жарық индикаторы жанып тұрады.
2	«Pump on»	Жасыл жарық индикаторы сорғының тұрақты жұмысы барысында жанады.
3	«Alarm»	Қызыл жарық индикаторы үнемі жанып тұрады немесе жұмысы нашарлап, сорғы тоқтап қалғанда жыпылықтайды (16. <i>Ақаулықтың алдын алу және жою бөлімін қараңыз</i>).
4	[Reset]	Түйме <ul style="list-style-type: none"> • ақаулық индикациясын түсіру үшін; • кезеңділікке қарсы функцияны іске қосу немесе ажырату үшін қолданылады. (11.1.4. <i>Функциялар бөлімін қараңыз</i>).

11.1.2 Жұмыс

Қалыпты режимдегі жұмыс

Сүмен жабдықтау жүйесінде суды тұтыну орын алған уақытта PM 1 автоматика блогының қосылым талаптарын орындау барысында сорғыны іске қосады. Бұл мысалы, жүйеде қысым құлауына алып келетін кранның ашылуы барысында болады. Тұтынуды тоқтату барысында, яғни кранды жабуда автоматика блогы сорғыны ажыратады.

Іске қосу талаптары

Автоматика блогы сорғыны келесі талаптардың кем дегенде бірінің орындалуы барысында іске қосылады:

- Шығын Q_{min} мәнінен жоғары.
- Қысым p_{start} мәнінен төмен.

Ажырату талаптары

Автоматика блогы келесі екі талапты орындау барысында шамамен 10 секунд өткен соң, сорғыны тоқтатады:

- Шығын Q_{min} мәнінен төмен.
- Қысым p_{stop} мәнінен жоғары.

p_{start} , p_{stop} және Q_{min} мәндері 15. *Техникалық сипаттамалар* бөлімінде келтірілген.

11.1.3 Электр қорегі жүйесінің ақаулығы

Электр қорегінің үзілісі жағдайларында сорғының қайта іске қосылуы кем дегенде 10 секунд уақытта оған қорек берілгеннен кейін, бірден автоматты түрде орындалады.

Электр қорегінің үзілулері кезеңділікке қарсы функцияның орнатылымына әсер етпейді.

11.1.4 Функциялар

а) Кезеңділікке қарсылық

Жүйеде азғантай ағулар жағдайында немесе кран толығымен жабық болмаған жағдайда автоматика блогы мезгіл-мезгіл іске қосылатын және сорғыны тоқтататын болады. Кезеңділікті болдырмау үшін, сорғыны тоқтату мен авариялық сигналды беруді жүзеге асыратын құрылғының кезеңділікке қарсы функциясы белсендіріледі. Қалып бойынша орнату: Функция іске қосылған.

Функцияны іске қосу немесе ажырату

1. [Reset] түймесін басу және «Power on» жарық индикаторы жыпылықтағанға дейін 3 минут бойы басылған күйде ұстап тұру.
2. Функцияның қажетті таңдалып алынған күйі. [Reset] түймесін әрбір басулар кезегімен функцияны іске қосады және ажыратады. «Pump on» жарық индикаторы функция ажыратылып тұрған уақытта жанып тұрмайды. «Pump on» жарық индикаторы іске қосылған уақытта жанып тұрады.
3. Пайдалану режиміне қайту үшін, [Reset] түймесін басқан күйі 3 секунд ұстап тұру.

Кезеңділіктің авариялық сигналды

Активтендіру жағдайында сорғыны қайта іске қосу [Reset] түймесін басумен жүзеге асырыла алады.

Кезеңділікке қарсылық функциясын өте аз тұтынған жағдайда мұны кезеңділік ретінде анықтайды және сорғыны кездейсоқ тоқтатады. Егер бұл орын алатын болса, функцияны ажыратуға болады.

Назар аударыңыз

б) Құрғақ қозғалыстан қорғау

Автоматика блогы құрғақ жұмысы жағдайында сорғыны автоматты түрде тоқтататын құрғақ қозғалыстан қорғанышы бар.

Құрғақ қозғалыстан қорғау құю мен пайдалану режимдерінде әр түрлі жұмыс істейді.

Құрғақ қозғалыстың авариялық сигналын активтендіру жағдайында сорғыны зақымдап алмау үшін, сорғыны қайта іске қосуды жүргізгенге дейін анықтап алу қажет.

Назар аударыңыз

Құю барысындағы құрғақ қозғалыс

Егер автоматика блогы сорғыны электр қорегіне қосқаннан және жібергеннен кейін 5 минут ішінде қысым мен шығын болмауын тауып алатын болса, құрғақ қозғалыстың авариялық сигналын активтендіру орын алады.

Пайдалану барысындағы құрғақ айналым

Егер автоматика блогы пайдаланудың қалыпты режимінде 40 секунд ішінде қысым мен шығынның болмауын анықтаған болса, құрғақ айналымның авариялық сигналының белсендірілуі орын алады.

Құрғақ қозғалыстың авариялық сигналының түсірілімі


Құрғақ қозғалыстың авариялық сигналын активтендіру барысында сорғының қайта іске қосылуын [Reset] түймесін қолмен басу арқылы жүргізуге болады. Егер автоматика блогы 40 секунд ішінде қысым мен шығынның болмауын тауып алатын болса, құрғақ қозғалыстың авариялық сигналын қайта активтендіру орын алады.

11.2 PM 2-мен CMB-SP SET

11.2.1 Басқару панелі мен ықшам ауыстырып қосқыштар

Басқару панелі

PM 2 автоматика блогының басқару панелі 7-суретте келтірілген.



TM03 9361 1508

7-сур. Басқару панелі

Айқ.	Атауы	Функциясы
1	«Қысым шкаласы»	Қысым шкаласы 0-ден 6 барға дейін қысымды белгілеуімен 13 индикация алаңы бар. Барлық индикация алаңы электр қорегі қосылған уақытта қысқа мерзімде жанады.
2	«Pump on»	Жасыл жарық индикаторы сорғының тұрақты жұмысы барысында жанып тұрады. Жарық индикаторы сонымен қатар электр қорегіне қосылған уақытта қысқа мерзімде жанады.
3	«Alarm»	Қызыл жарық индикаторы Қызыл жарық индикаторы үнемі жанып тұрады немесе жұмысы нашарлап, сорғы тоқтап қалғанда жыпылықтайды. <i>16. Ақаулықтың алдын алу және жою бөлімін қараңыз.</i> Жарық индикаторы сонымен қатар электр қорегіне қосылған уақытта қысқа мерзімде жанады.
4	[Reset]	Түйме •ақаулық индикациясын түсіру үшін; •ықшам ауыстырып қосқыштың баптауларын тексеру үшін қолданылады.

Ықшам ауыстырып қосқыштар

Автоматика блогында басқару пультінің артқы жағында DIP-ауыстырып қосқыштар көмегімен орындауға болатын бірнеше баптаулар қатары бар (8-сур. қараңыз).

OFF/ON

- 1.5 BAR 1 +0.5 }
 2 +1.0 } **START**
 3 +1.0 }
 4 +1.0 }
 5 **STOP = START + 1 BAR**
 6 **AUTO RESET**
 7 **ANTI CYCLING**
 8 **MAX RUN 30 MIN.**

8-сур. Ықшам ауыстырып қосқыштар

Ықшам ауыстырып қосқыштар		Атауы	Қалып бойынша орнату
№	Атауы		
1-4	START	<p>Іске қосу қысымы (P_{start}) Осы DIP-ауыстырып қосқыштар 0,5 бар қадамымен 1,5-ден 5,0 дейінгі бар диапазонында іске қосылу қысымын орнату үшін қолданылады.</p> <p>Мысалы: DIP- ауыстырып қосқыш 1 іске қосу (ON). DIP- ауыстырып қосқыштар іске қосу (ON). Іске қосу қысымы = $1,5+0,5+1=3$ бар. (11.2.4 <i>Функциялар</i> бөлімін қараңыз).</p>	<p>OFF күйіндегі барлық ауыстырып қосқыштар. ($P_{start} = 1,5$ бар)</p>
5	STOP = START + 1 BAR	<p>1 бар артық қысымдағы іске қосу/ажырату (Бұл жұмыс режимі гидробак жүйесі үшін ғана лайықты). ON күйіне DIP-ауыстырып қосқышты орнату барысында сорғының ажырату қысымы $P_{start} + 1$ барға тең болады (11.2.4 <i>Функциялар</i> бөлімін қараңыз). Гидробаксыз жүйелерде DIP-ауыстырып қосқыш OFF күйінде тұруы керек.</p>	<p>OFF (су шығынына байланысты іске қосу/ажырату)</p>
6	AUTO RESET	<p>Авариялық сигналдарды автоматты түсіру Егер DIP-ауыстырып қосқыш ON күйінде орнатылған болса, онда кезеңділік пен қозғалыс авариялық сигналдарын активтендіру барысында түсірілім автоматты түрде орын алады (11.2.4 <i>Функциялар</i> бөлімін қараңыз).</p>	<p>OFF (авариялық сигналдың қолмен түсірілімі)</p>
7	ANTI CYCLING	<p>Антицикличность DIP-ауыстырып қосқышты ON күйіне орнату барысында сорғы кезеңділік жағдайында ажыратылатын болады (11.2.4 <i>Функциялар</i> бөлімін қараңыз).</p>	<p>OFF</p>
8	MAX RUN 30 MIN.	<p>Үздіксіз уақыттың ең жоғары уақыты (30 минут) Егер DIP-ауыстырып қосқыш ON күйінде орнатылған болса, онда сорғы 30 минут ішінде үздіксіз жұмыстан кейін автоматты түрде ажыратылады (11.2.4 <i>Функциялар</i> бөлімін қараңыз).</p>	

DIP-ауыстырып қосқыш баптауларын іске қосу

DIP-ауыстырып қосқыштың қажетті баптаулары жасалғаннан кейін, оларды активтендіру керек, кері жағдайда РМ 2 осы баптауларды таба алмайды.

Нұсқау

DIP-ауыстырып қосқыш баптауларын активтендіру үшін, [Reset] түймесін басыу қажет немесе электр қорегін модульге ажыратып және қосу керек.

DIP-ауыстырып қосқышының баптауларын тексеру

[Reset] түймесін басылу күйінде кем дегенде 3 секунд ұстау барысында ON күйінде тұрған DIP-ауыстырып қосқышы индикациясының алаңы ішінде қысым шкаласында жанатын болады. Индикация алаңы солдан оңға қарай қосылады. Бұл егер сол жақ шеткі индикация алаңы жанатын болса, 8 DIP-ауыстырып қосқыш ON және т.б. күйінде тұрған. Төмендегі кестені қараңыз.

Индикация алаңы [бар]	2,5	3,0	3,5	4,0	4,5	5,0	5,5	6,0
№ DIP-ауыстырып қосқыш	1	2	3	4	5	6	7	8

11.2.2 Жұмыс

PM 2 автоматика блогы автоматты режимде сорғының іске қосылуы мен тоқтатылуын орындайды. Бұған екі тәсілмен қол жеткізіледі:

- Автоматика блогы гидробакты, сонымен қатар гидробаксыз жүйе үшін де қолдануға болатын зауыттық баптаулармен жеткізіледі (*Су шығынына байланысты іске қосу мен ажырату* қараңыз).
- Гидробакпен жабдықталған жүйелерде 1 бар артық қысым барысында іске қосу/ажыратуда келтірілген баптауларды қолдануға болады. Атаулы баптау сорғының жұмыс уақытын қысқартады.

а) Су шығынына байланысты іске қосу мен ажырату

PM 2 автоматика блоктары осы жұмыс күйіне, яғни ON күйінде орнатылған 5 DIP-ауыстырып қосқышта бапталған.

Назар аударыңыз

Қалып бойынша баптаулармен сорғы өзінің ең қысымына қол жеткізілгенше ажыратылмайды.

Жіберу талаптары

Автоматика блогы келесі талаптардың кем дегенде бірін орындау барысында сорғыны жібереді:

- Шығын Q_{min} мәнінен жоғары.
 - Қысым P_{start} мәнінен төмен.
- Қалып бойынша іске қосу қысымы 0,5 бар қадамымен арттыру мүмкіндігімен 1,5 бар құрайды (11.2.1 Басқару панелі мен ықшам ауыстырып қосқыштар бөлімін қараңыз).

Ажырату талаптары

Автоматика блогы келесі екі талапты орындау барысында шамамен 10 секунд өткен соң, сорғыны тоқтатады:

- Шығын Q_{min} мәнінен төмен.
- Қысым P_{stop} мәнінен жоғары.

P_{start} , P_{stop} және Q_{min} мәндері 15. Техникалық сипаттамалар бөлімінде келтірілген.

б) 1 бар артық қысымдағы іске қосу/ажырату

Бұл жұмыс режимі жеткілікті мөлшердегі гидробакты жүйелерде қолданылуы мүмкін. Осы жұмыс режимінде сорғы 1 бар артық қысымында іске қосылады/ажыратылады, бұл сорғының жұмыс уақытын қысқартады. Жеткіліксіз көлемдегі гидробакты қолдану сорғы кезеңділігінің туындауының себебі болады. Функцияны активтендіру үшін, 5 DIP-ауыстырып қосқышты ON күйіне ауыстырыңыз (11.2.1 Басқару панелі мен ықшам ауыстырып қосқыштар бөлімін қараңыз).

Іске қосу және ажырату талаптары

Төменде сипатталған талаптарға, 5 ықшам ауыстырып қосқыш ON күйіне орнатылуы үшін талап етіледі.

Іске қосу талаптары

Модуль сорғыны P_{start} мәнінен төмен қысым барысында жібереді.

Қалып бойынша іске қосу қысымы 0,5 бар қадамымен арттыру мүмкіндігімен 1,5 бар құрайды.

Ажырату талаптары

Модуль сорғыны P_{stop} мәнінен жоғары қысым барысында ажыратады.

$P_{stop} = P_{start} + 1$ бар.

11.2.3 Электр қорегі жүйесінің ақаулығы

Электр қорегінде жаңылыстар болған жағдайларда сорғыны қайта жіберу оған қайтадан кем дегенде 10 секунд уақытқа қорек қайта берілгеннен кейін, автоматты түрде бірден орындалады.

11.2.4 Функциялары

а) Автоматты қайта жіберілім

Автоматты қайта жіберілім функциясын іске қосу барысында кезеңділік пен құрғақ айналым авариялық сигналдарының түсірілімі автоматты түрде орындалатын болады.

Функцияны активтендіру үшін, 6 DIP-ажыратып қосқышты ON күйіне ауыстырыңыз

(11.2.1 Басқару панелі және ықшам ауыстырып қосқыштар бөлімін қараңыз).

Автоматты қайта жүктелім функциясын құрғақ қозғалыстан кейін су тұсу барысында автоматты құюсыз сорғы үшін активтендіруге болмайды.

Назар аударыңыз

б) Кезеңділікке қарсылық

Қондырманың ақаулы жағдайында сорғыны кездейсоқ іске қосу мен ажырату мүмкіндігінің алдын алу мақсаттарында кезеңділікке қарсылық функциясын активтендіруге болады.

Функция оның туындауы барысында кезеңділігің табады, кейін сорғы ажыратылады және авариялық сигнал береді.

Егер PM 2 модулі судың шығынына байланысты іске қосылуға және ажыратылуға бапталған болса, кезеңділік келесі жағдайларда туындауы мүмкін:

- азғантай ағулар барысында;
- жартылай жабық кранда.

Егер PM 2 модулі судың 1 барартық қысым барысында іске қосылуға және ажыратылуға бапталған болса, кезеңділік келесі:

- гидробакта алдын ала қысымды жоғалту барысында;
- гидробакта жеткіліксіз мөлшері барысында.

Кезеңділіктің авариялық сигналын активтендіру барысында сорғының қайта іске қосылуын [Reset] түймесін қолмен басқаруды жүргізуге болады.

Автоматты қайта жүктелімнің қосылған функциясы барысында сорғыны қайта іске қосу авариялық сигнал жарамсыздандырылғаннан кейін, 12 сағаттан соң, автоматты түрде орын алады.

Функцияны активтендіру үшін, 7 DIP-ауыстырып қосқышын ON күйіне ауыстырыңыз

(11.2.1 Басқару панелі және ықшам ауыстырып қосқыштар бөлімін қараңыз).

Өте аз шығын барысында кезеңділікке қарсы функциясы азғантай ағу сияқты күйді диагностикалайды және сорғыны кездейсоқ сөндіреді. Егер осы орын алатын болса, функцияны ажырату керек.

Назар аударыңыз

в) Үздіксіз жұмыстың барынша көп уақыты (30 минут)

Атаулы функцияны активтендіру барысында сорғы 30 минут бойы үздіксіз жұмыс істегеннен кейін ажыратылатын болады.

Сорғы басқару пультіндегі [Reset] түймесімен қайта жібереді.

Атаулы функция су мен электр энергиясын пайдасыз тұтынудың, яғни құбыр жетегіндегі жарылулар немесе үлкен ағулар жағдайының алдын алуға арналған.

Функцияны іске қосылу барысында 30 минуттан артық мөлшерде тұтыну авариялық сигналдың туындауына алып келеді, нәтижесінде сорғы ажыратылатын болады.

Нұсқау

Атаулы функцияны іске қосу барысында автоматты қайта жүктеу функциясының нәтижесінде сорғының қайта жіберілімі мүмкін емес.

Функцияны активтендіру үшін, 8 DIP-ауыстырып қосқышын ON күйіне ауыстырыңыз *(11.2.1 Басқару панелі және ықшам ауыстырып қосқыштар бөлімін қараңыз).*

г) Құрғақ қозғалыстан қорғау

Автоматика блогы құрғақ жұмыс істеу жағдайында сорғыны автоматты түрде тоқтататын құрғақ қозғалыстан қорғанышына ие. Құрғақ айналымнан қорғау құю мен пайдалану режимдерінде әр түрлі жұмыс істейді.

Құрғақ айналымның авариялық сигналын активтендіру жағдайында сорғыны зақымдап алмау үшін, сорғыны қайта іске қосу жүргізгенге дейін себебін анықтау керек.

Назар аударыңыз

Құю барысындағы құрғақ айналым

Егер автоматика блогы электр қорегіне қосылғаннан және сорғы жіберілгеннен кейін, 5 минут ішінде қысым мен шығынның болмауын тауып алады, құрғақ айналымның авариялық сигналын активтендіру болады.

Пайдалану барысындағы құрғақ айналым

Егер автоматика блогы пайдаланудың қалыпты режимі барысында 40 минут ішінде қысым мен шығынның болмауын тауып алады, құрғақ айналымның авариялық сигналын активтендіру болады.

Құрғақ қозғалыстың авариялық сигналының түсірілімі

– Авариялық сигналдың қолмен түсірілімі
Құрғақ қозғалыстың авариялық сигналын активтендіру барысында сорғының қайта жіберілімін [Reset] түймесін қолмен басуды жүргізуге болады. Егер автоматика блогы қайта жіберілімнен кейін, 40 минут ішінде қысым мен шығынның болмауын тауып алады, құрғақ айналымның қайта авариялық сигналын активтендіру болады.

– Автоматты қайта жүктелім

Автоматты қайта жүктелімнің қосылған функциясы барысында сорғыны қайта жіберу авариялық сигнал болғаннан кейін, 30 минуттан соң өтеді. Егер қайта іске қосылғаннан кейін, 5 минут жұмыс ішінде сорғы құюы болмаса, онда құрғақ айналымның авариялық сигналы жұмыс істейді.

Автоматты қайта жүктелім функциясы алғашқы 24 сағат ішінде әрбір 30 минутта сорғы қайта жіберілуге тырысатын болады. Осыдан кейін қайта жіберілім әрбір 24 сағат сайын іске қосылады.

12. Техникалық қызмет көрсету

Бұйым өзінің барлық қызметтері ішінде техникалық қызмет көрсетулер мен кезеңдік диагностиканы талап етпейді.

13. Істен шығар

CMB-SP SET қондырғысын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ажыратулы» күйіне ауыстыру қажет.

Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электрлік желілер үнемі кернеу астында тұрады. Сондықтан жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсатсыз қосылуының алдын алу үшін, желілік ажыратқышты блоктап тастау керек.




14. Төмен температурадан қорғау

Егер қондырғы кері температуралар әсері уақытында пайдаланылмаса, онда сорғыдан және автоматика блогынан сұйықтығын төгіп тастау керек.

PM үшін ешқандай қосымша дренажды жабдық қарастырылмаған, алайда, егер агрегат 9-суретке сәйкес жөнделген болса, оны босату жеңіл орындалады.

Нұсқау



9-сур. Агрегаттың жеңіл босатылатын күйі

15. Техникалық сипаттамалар

PM 1/PM 2 автоматика блоктарының жиынтықтарында болатын CMB-SP SET қондырғысының шығысты-қысым сипаттамалары 2-қосымшада көрсетілген.

PM 1/PM 2 автоматика блоктарының жиынтықтарында болатын CMB-SP SET қондырғысының габаритті және қосылым өлшемдері 3-қосымшада көрсетілген.

Пайдалану талаптары:

Жүйедегі қысым	М.ж. 10 бар
Сорып алу биіктігі	+20°C сұйықтығының температурасы барысында сорып алу желісінде қысымды жоғалтудың мейлінше жоғары 8 м есебінен
Сұйықтық температурасы	0°C-ден +60°C дейін
Қоршаған орта температурасы	М.ж. +55°C М.т. -20°C
Ауаның қатысты ылғалдылығы	М.ж. 95%
Қорғаныш дәрежесі	IP55
Оқшаулау сыныбы	F
Дауыстық қысым деңгейі	55 дБ(А) кем. Ескерту: Өзін өзі сородудың уақытында дыбыстық қысым деңгейі жоғары болуы мүмкін.
Қорек кернеуі	1 x 200-240 В, 50 Гц
Іске қосу-ажырату кезеңдерінің жиілігі	М.ж. 100 в сағ
Іске қосу қысымы	PM 1-15: 1,5 бар
P_{start}	PM 1-22: 2,2 бар PM 2: 1,5 - 5 бар (реттелді)
Ажырату қысымы	PM 2: $p_{start} + 1$ бар
P_{stop}^*	
Q_{min}	1,0 л/мин
PM 1/PM 2 ішкі гидробак көлемі	0,1 л

* Ажырату қысымы (p_{stop}) гидробакты жүйелерде ғана қолданылады (11.2.1 Басқару панелі және ықшам ажыратқыштар).

Электр сипаттамалары:

Сорғылы қондырма	Кернеу [В]	I_{max} [А]	$P1$ [Вт]
CMB-SP SET 3-28	1 x 220-240	3.1 -2.8	490
CMB-SP SET 3-37	1 x 220-240	3.1 -2.8	587
CMB-SP SET 3-47	1 x 220-240	3.1 -2.8	753
CMB-SP SET 3-56	1 x 220-240	4.4 -4.0	867

Барлық сорғылар 1,5 кабелімен жабдықталған.

TM04 5458 3.209

16. Ақаулықтың алдын алу және жою



Ескертпе

CMB-SP SET қондырғысымен кез-келген жұмыстарды бастар алдында электр қорегі ажыратылғандығын және оның кездейсоқ қосылуы болмайтындығына көз жеткізіңіз.

16.1 PM 1-мен CMB-SP SET

Ақау	Себебі	Ақауларды жою
1. «Power on» (электр қорегі іске қосылмаған) жарық индикаторы жанбай тұр.	a) Электр жабдықтарының сақтандырғыштары күйіп кеткен.	Сақтандырғыштарды алмастыру керек. Егер жаңалары тағы күйіп кетсе, электр жабдығын тексеру керек.
	b) Токтың жерге ағуының автоматты ажыратқышы немесе қорғаныш автоматты жарамсызданды.	Қорғаныш автоматын іске қосу.
	c) Электр қорегінің болмауы.	Жергілікті энергиямен жабдықтаушы ұйыммен байланысу.
	d) Модуль ақауланған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру керек.
2. «Power on» жасыл жарық индикаторы жанып тұр, алайда сорғы іске қосылмайды.	a) Сорғының электр қорегін модульмен ажырату.	Штепсель мен кабельдің қосылымын, сонымен қатар сорғының кіріктірме автоматты ажыратқышы ажыратылғандығын тексеру.
	b) Электр қозғалтқышының қорғаныш автоматты артық жүктелімнен электр қорегін ажыратып жіберген.	Электр қозғалтқышы/сорғының блокталмағандығын тексеру.
	c) Сорғы зақымданған.	Сорғыны жөндеу немесе алмастыру.
	d) Модуль зақымданған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру.
3. Кранның ашық су құбыры барысында сорғы іске қосылмайды. «Pump on» жанбайды.	a) Модуль мен су бөлінісі нүктесінің арасындағы биіктік бойынша тым үлкен ара қашықтық.	Қондырғыны реттеу немесе іске қосудың аса жоғары қысымымен модульді таңдап алу.
	b) Модуль зақымданған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру.
4. Сорғының жиі іске қосылу мен ажыратылуы.	a) Құбырдан ағу.	Құбырды тексеру және жөндеу.
	b) Кері клапаннан ағу.	Кері клапанды жуу немесе алмастыру.
	c) PM 1 шығыс келте құбырымен қатар клапан жабық.	Клапанды ашыңыз.
5. Насос не останавливается.	a) Сорғы беріліс барысында талап етілген қысымды қамтамасыз ете алмайды.	Сорғыны алмастыру.
	b) Модуль аса жоғары іске қосылу қысымымен орнатылған.	Іске қосудың аса төмен қысымды модулін таңдап алу.
	c) Модуль зақымданған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру.
	d) Сорғының кері клапаны ашық күйінде блокталған.	Кері клапанды жуу немесе алмастыру.

Ақау	Себебі	Ақауларды жою
6. Қызыл түсті жарық индикаторы үздіксіз жануда.	a) Құрғақ айналым. Сорғының жұмысы үшін су берілісі талап етіледі.	Құбырды тексеру.
	b) Сорғының электр қорегін модульмен ажырату.	Штепсель мен кабельдің қосылымын, сонымен қатар сорғының кіріктірме автоматты ажыратқышы ажыратылғандығын тексеру.
	c) Электр қозғалтқышының қорғаныш автоматы артық жүктелімінен электр қорегін ажыратып жіберген.	Электр қозғалтқыш/сорғының блокталмағандығын тексеру.
	d) Сорғы зақымданған.	Сорғыны жөндеу немесе алмастыру.
	e) Модуль зақымданған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру.
7. Қызыл түсті жарық индикаторы жыпылықтайды.	a) Кезеңділік. Қолданылғаннан кейін кран толық жабылмаған.	Барлық кранды тексеру.
	b) Кезеңділік. Жүйеде аз ғана ағудың болуы.	Жүйені ағудың болуына тексеру.
8. Сорғының тұрақсыз жұмысы.	a) Сорғының кірісіндегі қысым тым төмен.	Сорғының кірісінде сұйықтықтың түсуін тексеріңіз.
	b) Сорып алатын келте құбыр ішінара бітеліп қалған.	Сорып алатын келте құбырды шешіп алыңыз және тазартыңыз.
	c) Сорып алатын келте құбырдағы ағулар.	Сорып алатын келте құбырды шешіп алыңыз және тазартыңыз.
	d) Сорып алатын келте құбырдағы немесе сорғыдағы ауа.	Сорып алатын келте құбырдағы немесе сорғыдағы ауаны шығарыңыз. Сұйықтықтың сорғы кірісінде түсуін тексеріңіз.
	a) Сорып алатын желідегі ағу.	Сорып алатын желіге сәйкес жөндеулер жүргізу.
9. Ажырату барысында сорғы кері бағытта жұмыс істейді.	b) Қысымды немесе сорып алатын келте құбырдағы кері клапан ақаулы.	Клапанды шешіп алыңыз және тазартыңыз, жөндеңіз немесе оны алмастырыңыз.
	c) Сорғының сорып алатын келте құбырындағы кері клапан толығымен немесе ішінара ашық күйінде блокталған.	Клапанды шешіп алыңыз және тазартыңыз, жөндеңіз немесе оны алмастырыңыз.
	a) Қысымның деңгей айырмасы тым аз.	Кранды айдау қысымы тұрақтанғанша және шуыл жойылғанша, бірте-бірте жабыңыз.
10. Сорғының тұрақсыз жұмысы, сорғының жұмысы барысында шуылдың жоғары деңгейі.	a) Қысымды келте құбырдағы кері клапаннан тұратын сұйықтық бағаны сорғының өзі сору процесін бастауына кедергі келтіреді.	Қысымды келте құбырдан суды жіберіңіз. Кері клапан қысымды келте құбырда суды ұстап тұрмағандығына көз жеткізіңіз. Сорғыны қайта іске қосыңыз.
	b) Сорғы сорып алатын келте құбыр арқылы ауаны сорып алады.	Сорып алатын келте құбыр сорғыдан сұйықтық деңгейіне дейін ауа жібермейтіндігіне көз жеткізіңіз. Сорғыны қайта іске қосыңыз.
11. Іске қосылу барысында сорғы қосылады, алайда қысым түзілмейді және сұйықтық айдалмайды.	a) Сорып алу эжекторының клапаны жабық емес.	Қысым немесе шығын күрт артқанға дейін бірте-бірте кранды жабыңыз. Кейін кранды қажетті шығын деңгейіне қол жеткізгенге дейін ашыңыз.
	a) Сорып алу эжекторының клапаны жабық емес.	Қысым немесе шығын күрт артқанға дейін бірте-бірте кранды жабыңыз. Кейін кранды қажетті шығын деңгейіне қол жеткізгенге дейін ашыңыз.
12. Сорғы жұмыс істейді, алайда номиналды шығынды қамтамасыз етпейді.	a) Сорып алу эжекторының клапаны жабық емес.	Қысым немесе шығын күрт артқанға дейін бірте-бірте кранды жабыңыз. Кейін кранды қажетті шығын деңгейіне қол жеткізгенге дейін ашыңыз.

16.2 CMB-SP SET с PM 2

Ақау	Себебі	Ақауларды жою.
1. «0 бар» жасыл жарық алаңы электр қосылымы барысында да жанбайды.	a) Электр жабдықтарының сақтандырғыштары күйіп кеткен.	Сақтандырғыштарды алмастыру керек. Егер жаңалары тағы күйіп кетсе, электр жабдығын тексеру керек.
	b) Токтың жерге ағуының автоматты ажыратқышы немесе қорғаныш автоматы жарамсызданды.	Қорғаныш автоматын іске қосу.
	c) Электр қорегінің болмауы.	Жергілікті энергиямен жабдықтаушы ұйыммен байланысу.
	d) Модуль зақымданған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру.
2. «Pump on» жасыл жарық алаңы жанып тұр, бірақ сорғы іске қосылмайды.	a) Сорғының электр қорегін модульмен ажырату.	Штепсель мен кабельдің қосылымын, сонымен қатар сорғының кіріктірме автоматты ажыратқышы ажыратылғандығын тексеру.
	b) Электр қозғалтқышының қорғаныш автоматы артық жүктелімнен электр қорегін ажыратып жіберген.	Электр қозғалтқышы/сорғының блокталмағандығын тексеру.
	c) Сорғы зақымданған.	Сорғыны жөндеу немесе алмастыру.
	d) Модуль зақымданған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру.
3. Ашық су құбырының кранында сорғы жіберлмейді. «Pump on» жарық индикаторы жанбайды.	a) Модуль мен су бөлінісі нүктесінің арасындағы биіктік бойынша тым үлкен ара қашықтық.	Іске қосылу қысымын орнату немесе арттыруды баптау. <i>11.2.1 Басқару панелі мен ықшам</i> ауыстырып қосқыштар.
	b) Модуль зақымданған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру.
4. Гидробаксыз жүйе: Сорғының жиі қосылуы мен тоқтатылуы.	a) 5 DIP-ауыстырып қосқыштар ON күйіне орнатылған.	5 DIP-ауыстырып қосқыштар OFF күйіне ауыстырыңыз. <i>11.2.1 Басқару панелі мен ықшам</i> ауыстырып қосқыштар.
	b) Құбырдағы ағу.	Құбырды тексеру және жөндеу.
	c) Кері клапан ағуы.	Кері клапанды жуу және алмастыру.
5. Гидробакты жүйе: Сорғының жиі қосылуы мен тоқтатылуы.	a) Гидробакта алдын ала қысым болмауы немесе бактың жеткіліксіз көлемі.	Бактың алдын ала қысымын тексеру және қажеттігіне қарай бакты қайта толтыру. Егер гидробак көлемі жеткіліксіз болатын болса, 5 DIP-ауыстырып қосқыштар OFF күйіне орнатыңыз немесе гидробакты алмастырыңыз.
	b) Кері клапаннан ағу.	Кері клапанды жуу және алмастыру
6. Сорғы тоқтамайды.	a) Сорғы беріліс барысында талап етілген қысымды қамтамасыз ете алмайды.	Сорғыны алмастыру.
	b) Іске қосылудың тым жоғары қысымы.	Іске қосу қысымын төмендету. <i>11.2.1 Басқару панелі мен ықшам</i> ауыстырып қосқыштар.
	c) Модуль зақымданған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру.
	d) Сорғының кері клапаны ашық күйінде блокталған.	Кері клапанды жуу және алмастыру.

Ақау	Себебі	Ақауларды жою.
7. Қызыл түсті жарық индикаторы үздіксіз жанып тұр.	a) Құрғақ айналым. Сорғының жұмысы үшін су берілісі талап етіледі.	Құбырды тексеру.
	b) Сорғының электр қорегін модульмен ажырату.	Штепсель мен кабельдің қосылымын, сонымен қатар сорғының кіріктірме автоматты ажыратқышы ажыратылғандығын тексеру.
	c) Электр қозғалтқышының қорғаныш автоматы артық жүктелімінен электр қорегін ажыратып жіберген.	Электр қозғалтқышы/сорғының блокталмағандығын тексеру.
	d) Сорғы зақымданған.	Сорғыны жөндеу немесе алмастыру.
	e) Модуль зақымданған.	Модульді жөндеу немесе алмастыру.
8. Гидробаксыз жүйе: «Alarm» қызыл жарық индикаторы бір уақыт аралығында бір рет жыпылықтайды.	a) Кезеңділік. Қолданылғаннан кейін кран толық жабылмаған.	Жүйені ағудың болуына тексеру. <i>11.2.4 Функциялар бөлімін қар.</i>
	b) Кезеңділік. Жүйеде аз ғана ағудың болуы.	Жүйені ағудың болуына тексеру. <i>11.2.4 Функциялар бөлімін қараңыз.</i>
9. Гидробакты жүйе: «Alarm» қызыл жарық индикаторы бір уақыт аралығында бір рет жыпылықтайды.	a) Кезеңділік. Гидробакта алдын ала қысым болмауы немесе бактың жеткіліксіз көлемі.	Бактың алдын ала қысымын тексеріңіз және қажеттігіне қарай бакты қайта толтыру. Егер гидробак көлемі жеткіліксіз болса, 5 DIP-ауыстырып қосқышын OFF күйіне орнатыңыз немесе гидробакты алмастырыңыз. <i>11.2.4 Функциялар бөлімін қараңыз.</i>
10. «Alarm» қызыл жарық индикаторы бір уақыт аралығына екі рет жыпылықтайды.	a) Үздіксіз жұмыстың мейлінше көп уақыты (30 минут). Сорғы үздіксіз 30 минут бойы үздіксіз жұмыс істеді.	Жүйені ағудың болмауына тексеріңіз. Сорғының 30 минут үздіксіз жұмыс м.ж. уақытын шектейтін функцияны ажыратыңыз. <i>11.2.4 Функциялар бөлімін қараңыз.</i>
11. «Alarm» қызыл жарық индикаторы бір уақыт аралығына үш рет жыпылықтайды және сорғының әрбір іске қосылуы бірнеше секундқа кешігуімен орындалады.	a) Қысқа уақыт аралығында іске қосу мен ажыратудың тым көп кезеңі. Гидробакта алдын ала қысым болмауы немесе бактың жеткіліксіз көлемі.	Бактың алдын ала қысымын тексеріңіз және қажеттігіне қарай бакты қайта толтыру. Егер гидробак көлемі жеткіліксіз болса, 5 DIP-ауыстырып қосқышын OFF күйіне орнатыңыз немесе гидробакты алмастырыңыз.
	b) Қысқа уақыт аралығында іске қосу мен ажыратудың тым көп кезеңі. PM 2 модулі 1 бар артық қысым барысында іске қосу/ажыратуға бапталған, яғни 5 DIP-ауыстырып қосқышын ON күйіне орнатыңыз, жүйеде гидробак орнатылмаған.	5 DIP-ауыстырып қосқышын OFF күйіне орнату.
12. «Alarm» қызыл жарық индикаторы бір уақыт аралығына үш реттен артық жыпылықтайды.	a) Модульдегі ішкі қате.	Grundfos компаниясының өкілдеріне жүгініңіз.

Ақау	Себебі	Ақауларды жою.
13. Сорғының тұрақсыз жұмысы.	a) Сорғының кірісіндегі қысым тым төмен.	Сорғының кірісінде сұйықтықтың түсуін тексеріңіз.
	b) Сорып алатын келте құбыр ішінара бітеліп қалған.	Сорып алатын келте құбырды шешіп алыңыз және тазартыңыз.
	c) Сорып алатын келте құбырдағы ағулар.	Сорып алатын келте құбырды шешіп алыңыз және тазартыңыз.
	d) Сорып алатын келте құбырдағы немесе сорғыдағы ауа.	Сорып алатын келте құбырдағы немесе сорғыдағы ауаны шығарыңыз. Сұйықтықтың сорғы кірісінде түсуін тексеріңіз.
14. Ажырату барысында сорғы кері бағытта жұмыс істейді.	a) Сорып алатын желідегі ағу.	Сорып алатын желіге сәйкес жөндеулер жүргізу.
	b) Қысымды немесе сорып алатын келте құбырдағы кері клапан ақаулы.	Клапанды шешіп алыңыз және тазартыңыз, жөндеңіз немесе оны алмастырыңыз.
	c) Сорғының сорып алатын келте құбырындағы кері клапан толығымен немесе ішінара ашық күйінде блокталған.	Клапанды шешіп алыңыз және тазартыңыз, жөндеңіз немесе оны алмастырыңыз.
15. Сорғының тұрақсыз жұмысы, сорғының жұмысы барысында шуылдың жоғары деңгейі.	a) Қысымның деңгей айырмасы тым аз.	Кранды айдау қысымы тұрақтанғанша және шуыл жойылғанша, біртіндеп жабыңыз.
16. Іске қосылу барысында сорғы қосылады, алайда қысым түзілмейді және сұйықтық айдалмайды.	a) Қысымды келте құбырдағы кері клапаннан тұратын сұйықтық бағаны сорғының өзі сору процесін бастауына кедергі келтіреді.	Қысымды келте құбырдан суды жіберіңіз. Кері клапан қысымды келте құбырда суды ұстап тұрмағандығына көз жеткізіңіз. Сорғыны қайта іске қосыңыз.
	b) Сорғы сорып алатын келте құбыр арқылы ауаны сорып алады.	Сорып алатын келте құбыр сорғыдан сұйықтық деңгейіне дейін ауа жібермейтіндігіне көз жеткізіңіз. Сорғыны қайта іске қосыңыз.
17. Сорғы жұмыс істейді, алайда номиналды шығынды қамтамасыз етпейді.	a) Сорып алу эжекторының клапаны жабық емес.	Қысым немесе шығын күрт артқанға дейін бірте-бірте кранды жабыңыз. Кейін кранды қажетті шығын деңгейіне қол жеткізгенге дейін ашыңыз.

17. Бұйымды кәдеге жарату

Өнімнің шекті жағдайының негізгі өлшемі:

1. жөндеу немесе алмастыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін, жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың көбеюі.

Аталмыш жабдық, сонымен қатар тораптары мен тетіктері, экология саласындағы жергілікті заңнама талаптарына сәйкес жинақталуы және пайдаға асырылуы қажет.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S Концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*
* нақты дайындаушы ел жабдықтың фирмалық тақтасасында көрсетілген.


Дайындаушымен өкілетті тұлға/Импортерушы**:

«Грундфос Истра» ЖАҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободск а/к, Лешково ауылы, 188-үй
** импорттық жабдыққа қатысты көрсетілді.

Жабдықтың қызметтік мерзімі 10 жылды құрайды.


Техникалық өзгерістер мүмкін.

Приложение 1.




TM05 5410 3813

Приложение 2.



Приложение 3.



TM04 9304 3810

Насосная установка	A1	A2	L1	H1	H2
CMB-SP SET 3-28	1"	1"	377	75	317
CMB-SP SET 3-37	1"	1"	377	75	317
CMB-SP SET 3-47	1"	1"	413	75	317
CMB-SP SET 3-56	1"	1"	453	75	317

Информация о подтверждении соответствия

**RU**

Насосные установки CMB-SP SET сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).
Сертификат соответствия:
№ ТС RU С-DK.АИ30.В.01127 срок действия до 24.11.2019 г.

Истра, 25 ноября 2014 г.

KZ

CMB-SP SET сорғы қондырмасы «Төменвольтты жабдық қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машина және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) Кеден Одағының техникалық регламенттеріне сәйкес сертификатталды.
Сәйкестік сертификаты:
№ ТС RU С-DK.АИ30.В.01127 жарамдылық мерзімі 24.11.2019 ж. дейін.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,
10 этаж, офис XXV. Бизнес-
центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564 88 11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казақстан Республикасы, KZ-
050010 Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

98768078 1214

ECM: 1147518

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

© Copyright Grundfos Holding A/S